

2

Жұмысшы
мамандық-
тарының
үздік
өкілдеріне
құрмет



3

«Шығыс
салбурыны»
бесінші
мәрте ту
көтермек



16+

DIDAR

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ



1931 жылдың 24 қазанынан шығады №40 (18548) 2 қазан 2025 жыл WWW.DIDAR-GAZETI.KZ

8

«ALTAY INVEST-2025»:
ШЫҒЫСТЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕКТЕРІ

13

Әлі есімде
сол
жылдың
мамыр
айы...



5

Физикаға
ғашық
еткен ауыл
мұғалімі



#АЙБЫН

Қауіп пен қатерге қарсы тұрған қайсар жан

Азаматтық қорғау қызметінің тыныштығымызды күзетіп жүрген қаһармандарының бірі – Алтай қаласының №2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімшесіндегі газ-түтіннен қорғау қызметінің аға шебері Марат Смақов. Ол 2016 жылдан бері қатардағы өрт сөндірушіден бастап, бүгінде күрделі міндет жүктейтін жауапты қызметке дейінгі жолды жүріп өтті.

Марат Смақов азаматтық қорғау органдарында 2016 жылдан бері қызмет етіп келеді. Ол қызметін өрт сөндірушіден бастаған-ды. Бірнеше жылдан кейін ол газ-түтіннен қорғау қызметі шеберінің дағдыларын игерді. Осылайша қиын және өте жауапты қызмет басталды.

– Менің жұмысым өрт сөндірушілердің тыныс алуға жарамсыз жағдайларда жұмыс істеуге дайындығын, тыныс алу аппараттарының, маскалардың және басқа да жабдықтардың әзірлігін, өрт сөндірушілерді жабдықпен жұмыс істеуге үйретумен байланысты. Өрт сөндірушінің арқасына асынған тыныс алу аппаратындағы оттегі – өрт сөндірушінің өмірі, – дейді Марат Смақов.

№2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімшесіндегі газ-түтіннен қорғау қызметінің аға шебері жаңа технологиялар мен жұмыс әдістерінен хабардар болу үшін өзінің білімі мен дағдыларын үнемі жетілдіріп отырады.

– Әсіресе, газ қоймасының аумағында 20 текше метр сұйытылған бутаны бар «Камаз» автогаз құюшы көлігі жанған кездегі өрт есімде қалды. Жағдай өте қауіпті болды. Жарылыс қатері болды, сондай-ақ жалын кәсіпорынның ғимараттары мен үй-жайларына, оның ішінде газ толтыру пунктіне таралуы мүмкін еді. Жеке құрамның ойластырылған жедел және үйлесім-



ді іс-қимылдары арқасында өрт сөндіріліп, жарылыстың алдын алдық, – деп еске алады Марат.

Осындай қайсар мамандардың еңбегінің арқасында халықтың қауіпсіздігі қамтамасыз етіліп отыр. Марат Смақов сынды кәсіби шеберлер – өрт сөндіру қызметінің тірегі, азаматтық қорғау жүйесінің сенімді арқауы.

«Дидар» ақпарат

#ЕҢБЕК АДАМЫ

Өндірістің тірегі – жас мамандар

✍ Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ

📷 Махаббат АХМЕТЖАНОВА

Күршім ауданындағы «ВСАМ-ПРОДАКШН» алтын өндіру фабрикасында аға буынмен қатар, жаңа көзқарас пен тың серпіні әкеліп жатқан жас мамандар да еңбек етуде. Олар колледж бітіре сала басқа өңірден келіп, жұмыс істеп жүр.

Жасмин Қайдарова Семей қаласындағы геология-барлау колледжін тәмамдап, пайдалы қазбаларды іздеу және барлау мамандығын игеріп шыққан. Осыдан бір жыл бұрын, өндіріс жаңа ғана қадам басқан шақта, ол фабрикаға сапа бақылау геологы болып жұмысқа қабылданды.

– Негізгі міндетім – сынама алу мен зертханалық талдаудың сапасын қадағалау, сондай-ақ барлық құжаттаманың дұрыс жүргізілуін бақылау. Біз жұмысымызда «Джонсон» деп аталатын арнайы бөлігіш қондырғыларын пайдаланамыз. Олар дұрыс әрі дәл сынама алуға мүмкіндік береді. Зертханамызда бірнеше ай бұрын жаңа жабдықтар орнатылып, іске қосылды. Барлық ұсатқыштар мен басқа да құралдар жеткізілді. Жабдық жақсы жұмыс істеп тұр. Әр сынамадан кейін қондырғылар міндетті түрде тазартылып, үрленіп, келесі жұмысқа дайындалады. Бұл сапаның жоғалуына жол бермейді, – дейді жас маман.

Жасминнің айтуынша, геологтар әдетте еңбек жолын сынама алушыдан бастайды. Алайда нәзік жан болса да, ол бірден жауапты қызметке қабылданыпты. Қазірдің өзінде мол тәжірибе жинап үлгерген. Болашақта ресурс геологы болып, кен қорларын есептеу мен жаңа кен орындарын анықтау ісіне араласуды армандайды.

– Мен өндіріске келетін жастарға ең алдымен, қорықпау керек деп айтар едім. Колледжді бітірген соң «тәжірибем жоқ» деп тартынудың қажеті жоқ. Себебі тәжірибе жұмыс барысында ғана келеді. Бастапқыда кішкентай қадамнан бастаймыз, бірақ уақыт өте келе үлкен жетістіктерге жетеміз. Ең бастысы – мамандығыңды сүйіп таңдап, батыл қадам жасау, – дейді ол сеніммен.

Қарағанды қаласынан келген тағы бір жас маман – Мұса Қонысбеков қазір жаңартылған энергетика мамандығы бойынша колледжде сырттай білім алып жүр. Соған қарамастан үйінен жырақта алғашқы еңбек жолын бастапты.

– Фабрикада еңбек жолымды ұнтақтаушы болып бастағам, келесі ауысымнан бастап электрик болып жұмыс істеймін. Бұл мамандықты бала кезімнен ар-



мандадым, себебі атам да электрик еді. Алдағы уақытта оқуымды тәмамдап, осында тұрақты жұмыс істесем деймін, – дейді Мұса.

Жұмысшылар үшін жайлы жатақхана қарастырылған, күніне үш мезгіл құнарлы ас беріледі. Жақында монша да салыныпты. Еңбекақысы да көңілге қонымды – он бес күндік ауысымға шамамен 350 мың теңге табыс алады.

– Әрине, үйден жырақта жүрген соң анамды сағынамын, жолға да екі күн кетеді. Бірақ еш өкінбеймін. Атамның жолын қуып, өз мамандығымды тапқанымға қуанамын, – дейді Мұса Қонысбеков (фотода).

«ВСАМ-ПРОДАКШН» ЖШС директорының орынбасары Ерхат Қалиевтің сөзіне қарағанда, қазір өндіріс орнында Күршім ауылынан 29 адам, Маралды ауылдық округінен 23 тұрғын еңбек етіп жүр. Бүгінде фабрикада екі жүзден астам жұмысшы бар, олардың басым бөлігі Шығыс Қазақстан мен Абай облыстарынан келген. Өзге өңірлердің азаматтары да аз емес.

– Бізге жұмысқа келген жастарды кейін өз қаражатымыз есебінен оқыту жөнінде міндеттеме алғанбыз. Әсіресе металлургия, тау-кен ісі және өндірістік технология мамандықтарына оқытуға басымдық береміз. Кейін оларды өзіміздің нысандарға тұрақты жұмысқа орналастырамыз, – дейді директордың орынбасары.

Жұмысшылардың орташа жалақысы он бес күндік ауысымда 350 мың теңгеден басталып, кейбір мамандықтар бойынша 450 мың теңгеден де асып жығылады. Бұл – ауыл жастары үшін тұрақты табыс пен кәсіби дамуға жол ашатын үлкен мүмкіндік.

Жылыту маусымы басталды

2025–2026 жылдардағы жылыту маусымын бастау туралы Өскемен қаласы әкімі орынбасарының хаты негізінде «Шығыс Жылу» АҚ-ның бұйрығы қабылданып, 1 қазаннан бастап Өскемен қаласында орталықтандырылған жылу беріле бастады.

Жылу қосу жұмыстары алдыңғы жылдардағыдай кезең-кезеңімен, нысандардың техникалық дайындығына қарай алты күн ішінде жүргізіледі. Паспорттық техникалық дайындықсыз нысандар барлық жұмыстарды аяқтап, құжат тапсырғаннан кейін ғана қосылады.

Қазіргі уақытта қаладағы қатты отын қоры 19 486 тонна, бұл – 35 тәуліктік нормативтік қорға сәйкес келеді.

Жылу қосылу күндері туралы толық ақпаратты мына арналар арқылы білуге болады:

- жеке кабинет арқылы ukteplo.kz сайтында;
- «Шығыс Жылу» мобильді қосымшасында;
- WhatsApp чат-ботында +7 747 942 35 56 нөмірі бойынша;
- Telegram-дағы @UKTSbot чат-ботында.

Бүгінгі таңда жылу энергиясын есептеу құралдары және дайындығы туралы актісі бар төмендегідей нысандарға жылу берілді:

- көпқабатты тұрғын үйлер – 66;
- жеке тұрғын үйлер – 86;
- мектептер, балабақшалар және өзге де мектепке дейінгі мекемелер – 34;
- медициналық ұйымдар – 17;
- әкімшілік және оларға теңестірілген ғимараттар – 29;
- әлеуметтік нысандар – 11.

«ИРТЫШ-ТЗ» ЖШС (ШҚ) ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Жобалық құжаттаманың атауы: экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар материалдары «Ангарды қайта құру мен қайта жабдықтау (күнбағыс тұқымын қайта өңдеу цехын орналастыра отырып, жапсаржай салу және май-май өнімдерін өндіру жолымен)». Әсер ету аймағы: Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Қасым Қайсенов кентінен солтүстік-шығысқа қарай 3,8 км қашықтықта. Учаскенің координаттары:

- 49° 53' 57" с.е., 82° 31' 52" ш.б.;
- 49° 53' 56" с.е., 82° 31' 53" ш.б.;
- 49° 53' 55" с.е., 82° 31' 50" ш.б.;
- 49° 53' 56" с.е., 82° 31' 50" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 07.11.2025 жылы сағат 10:00-де, ҚР, ШҚО, Ұлан ауданы, Қасым Қайсенов кенті, ат. Ахметов 26/1 (мәдениет үйінің ғимараты). Қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасында онлайн режимінде де өткізіледі. Тыңдауларға қатысу үшін сілтеме бойынша өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/72360527821?pwd=xTWdZHOkb62XJpuw4CaUZiy5TEDYB.1>

Конференция идентификаторы: 723 6052 7821

Кіру коды: 9LC1tA

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 1 сағат бұрын басталады. Конференцияға қосылу мәселелері бойынша жоспарланған қызмет бастамашысының телефонына хабарласуға болады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «ИРТЫШ-ТЗ» ЖШС (ШҚ), ҚР, ШҚО, Ұлан ауданы, Қасым Қайсенов кенті, есептік квартал 009-330. БСН: 150840000553, тел. 8-771-548-44-23, E-mail: 23012023@bk.ru

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Центр проектирования и экспертизы» ЖШС, ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, Протозанов көшесі, 83-үй. БСН: 160140018493, тел. 8-777-137-39-86, E-mail: creinfo@mail.ru

Жоба материалдарымен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында танысуға болады (<https://ndbecology.gov.kz>), сондай-ақ «ШҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММЖАО сайтында» Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде (<https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru>).

Барлық ескертүүлەر және/немесе ұсыныстар «Қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында, сондай-ақ Өскемен қаласы, К. Либкнехт көшесі, 19, «ШҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мекенжайы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады.: 8(7232) 25-70-82. Электрондық мекенжайы: a.eldarbekova@akimvko.gov.kz

Қосымша ақпаратты бастамашының электрондық мекенжайы бойынша алуға болады 23012023@bk.ru, 8-771-548-44-23 нөмірі бойынша.

ЖАРНАМА БӨЛІМІНІҢ

ТЕЛЕФОНЫ: 8 (7232) 75-28-22,

8 777 23 97 682

MARKETING@ALTAINNEWS.KZ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Еркешев Архат Еркешұлына берілген ОЖ001331 №000019 қызметтік куәлігі 11-ші қыркүйекте жоғалған. Қызметтік куәлік жарамсыз деп саналады. Тауып алғандар болса, тел: 8 (778) 31-96-738, 8 (778) 082-93-75 хабарласуларыңызды сұраймыз.

МҰРАГЕРЛЕР ІЗДЕЛУДЕ

Даулетов Сағдат Омиралинович (туған жылы 07.11.1935), ШҚО, Өскемен қ., Михаэлис к., 13-үй, 57-пәтер мекенжайында тұрған, 12.04.2025 ж. қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар но-тариус А. М. Шәкеноваға ШҚО, Өскемен қ., Сәтпаев даң., 4 мекенжайы бойынша 02.11.2025 ж. дейін жүгінуі тиіс. Тел. 8 (7232) 612-339.